


|  |   |                        |
|--|---|------------------------|
|  KazTransOil | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b>   |                        |
| ИМЖ құжатының атауы:   | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты</b>  |                        |
| Саясат   |   | <b>6 беттің 1-беті</b> |
| Әзірлеуші:<br>бизнес-процестерді және тәуекелдерді басқару департаменті                      | <p>«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген ( 2022 жылғы «24» маусымдағы №11/2022 отырыс хаттамасы)</p> <p>«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен мақұлданған (2022 жылғы «18» мамырдағы №19 отырыс хаттамасы)</p> |                        |

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты (бұдан әрі – Саясат) «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысына [1], Корпоративтік басқару кодексіне [2] және «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) интеграцияланған менеджмент жүйесінің құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Саясат Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің мақсаттарын, жұмыс істеу қағидастарын және компоненттерін анықтайды.

3. Саясат ішкі бақылау жүйесін (ІБЖ) Директорлар кеңесі, Басқарма, ішкі аудит қызметі және Қоғам жұмыскерлері жүзеге асыратын процестер мен рәсімдердің, Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге және үш негізгі салада процестік деңгейдегі тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған тиімді және ұтымды қызметке ықпал ететін мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының жиынтығы ретінде айқындайды:

- 1) операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- 2) толық және дәйекті қаржылық есептілікті дайындау;
- 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

4. Жоғарыда аталған салалардағы мақсаттарға жету ықтималдығына әсер ететін ІБЖ-ге тән шектеулер бар. Бұл шектеулер келесі факторларға байланысты:

- 1) пайымдаулар - ІБЖ субъектілері шешім қабылдаған кезде олардың субъективті пайымдаулары дұрыс болмауы мүмкін;

- 2) сыртқы оқиғалар - Қоғам бақылауынан тыс сыртқы оқиғалардың әсері;


- 3) сәтсіздіктер - назар аудармау немесе тапсырылған міндеттердің көп санына назар аудару қажеттігі нәтижесінде қателіктер жібергендіктен жұмыскердің кінәсінен;

- 4) бақылауды саналы түрде айналып өту - жеке пайда алу немесе өз қызметінің нәтижелерін жақсарту ниетімен белгіленген саясаттар мен рәсімдерді ерікті түрде жою жолымен ішкі бақылауды айналып өтуге ықылас пен мүмкіндік;

- 5) сөз байласу - заңсыз әрекеттерді бірлесіп жасау және жасыру үшін екі және одан да көп адамның іс-әрекеті.

 (Ахмедов А.)

 (Курманова А.)

|  |  |                        |
|--|--|------------------------|
|  KazTransOil | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b>                                |                        |
| ИМЖ құжатының атауы:   | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты</b> |                        |
| <b>Саясат</b>  |  | <b>6 беттің 2-беті</b> |

5. Осы шектеулерді басқару және ІБЖ субъектілері тарапынан Қоғамда заңсыз әрекеттерге жол бермеу мақсатында Корпоративтік басқару кодексі [2], «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік әдеп кодексі [3], «ҚазТрансОйл» АҚ-та бұзушылықтардың туындау қаупін басқару саясаты [4], «ҚазТрансОйл» АҚ-тың экономикалық қауіпсіздік саясаты [5], «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын басқару қағидалары [6] және Қоғамның интеграцияланған менеджмент жүйесінің басқа да құжаттары қабылданды.

## **2. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

6. Саясат басқарудың барлық деңгейлеріне, Қоғамның ішкі процестері мен операцияларына қолданылады әрі Қоғамның барлық ІБЖ субъектілерімен танысу және қолдану үшін міндетті болып табылады.

7. Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдарына өз қызметінің ерекшеліктерін, реттеуші ортаны, сондай-ақ ішкі факторларды ескере отырып, Саясаттың ережелерін бұзбай, ішкі бақылау жүйесінің өзіндік саясатын белгіленген тәртіппен әзірлеу және бекіту ұсынылады:


- 1) даму мөлшері мен кезеңі;
- 2) операциялық басқару үлгісінің сипаты;
- 3) технологияға тәуелділік;
- 4) персоналдың құзыреттілігі мен саны;
- 5) ықтимал үзіліс немесе бизнес-процесті дұрыс орындамау тұрғысынан процестік деңгейдегі тәуекелдердің болуы.

## **3. ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ**

8. ІБЖ негізгі мақсаттары:

- 1) Қоғамның даму стратегиясына сәйкес операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- 2) активтер мен ақпараттың сақталуын, ресурстарды тиімді пайдалану мен бөлуді қамтамасыз ету;
- 3) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын, сондай-ақ оны дайындау жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік техникалық құжаттарының, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- 5) тиімді бақылау рәсімдерін енгізу есебінен процестік деңгейдегі тәуекелдердің туындау ықтималдығын және ықтимал залалдарды азайту, басқарушылық шешімдер қабылдау үшін сенімді ақпараттық негіз құру;
- 6) бизнес-процестердің тиімді жұмыс істеуін бақылау және Қоғам




|  |  |                        |
|--|--|------------------------|
|  KazTransOil | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b>                                |                        |
| ИМЖ құжатының атауы:   | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты</b> |                        |
| <b>Саясат</b>  |  | <b>6 беттің 3-беті</b> |

қызметінің нәтижелерін талдау;

- 7) Қоғамның оңтайлы ұйымдық құрылымын құруға жәрдемдесу;
- 8) ІБЖ жақсарту және одан әрі жетілдіру үшін облыстарды анықтау.

#### **4. ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ**

9. Саясаттың негізінде ІБЖ құрудың келесі қағидаттары жатыр:

1) үздіксіз жұмыс істеу – ІБЖ-нің тұрақты және тиісті жұмыс істеуі Қоғам қызметіне теріс әсер ететін кез келген ауытқуларды уақытылы анықтауға және олардың болашақта туындауының алдын алуға мүмкіндік береді;

2) барлық ІБЖ субъектілерінің есептілігі - әрбір тартылған ІБЖ субъектісінің мақсаттары мен міндеттерін орындау сапасы мен уақытылығы басқа (жоғары тұрған) ІБЖ субъектісімен бақыланады;

3) міндеттерді бөлу - Қоғам бақылау функцияларының қайталануына жол бермеуге ұмтылады және бұл функциялар Қоғамның лауазымды адамдары мен жұмыскерлері арасында бір адам белгілі бір активтермен операцияларды бекітуге, операцияларды есепке алуға, активтердің сақталуын қамтамасыз етуге және оларды түгендеуді жүргізуге байланысты функцияларды біріктірмейтіндей бөлінуге тиіс;

4) операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту (келісу) – Қоғам тиісті ішкі құжаттарда көрсету жолымен Қоғамның органдары мен тұлғаларының тиісті өкілеттіктері шегінде барлық қаржы-шаруашылық операцияларды бекіту (келісу) тәртібін белгілеуге ұмтылады;

5) Қоғамның ішкі құжаттарында айқындалған, бекітілген және барлық ІБЖ субъектілерінің назарына жеткізілген бақылау функцияларын тиісінше орындағаны үшін барлық ІБЖ субъектілерінің жауапкершілігі;


6) Қоғамның барлық органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің нақты өзара іс-қимылы негізінде ішкі бақылауды жүзеге асыруы;

7) тұрақты даму және жетілдіру – ІБЖ оны Қоғамның жұмыс істеуінің ішкі және сыртқы жағдайларының өзгерістері мен туындаған жаңа міндеттерге бейімдеу мүмкіндігі болатындай құрылуға тиіс;

8) бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз жақтары туралы хабарламаларды уақытылы беру - Қоғамда кез келген елеулі ауытқуларды жою туралы шешім қабылдауға уәкілетті органдарға және/немесе адамдарға тиісті ақпаратты берудің барынша қысқа мерзімдері белгіленуге тиіс;

9) әдіснамалық базаның бірлігі - ішкі бақылау саласындағы саясаттарды, регламенттер мен рәсімдерді қолдануға бірыңғай тәсіл.




|  |  |                        |
|--|--|------------------------|
|  KazTransOil | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b>                                |                        |
| ИМЖ құжатының атауы:   | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты</b> |                        |
| <b>Саясат</b>  |  | <b>6 беттің 4-беті</b> |

## **5. ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ**

10. Қоғамның ІБЖ келесі бес өзара байланысты компоненттерден тұрады:

- 1) бақылау ортасы;
- 2) тәуекелдерді бағалау;
- 3) бақылау рәсімдері;
- 4) ақпарат және коммуникациялар;
- 5) мониторинг рәсімдері.

11. Бақылау ортасы барлық ІБЖ компоненттерінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және келесі элементтерді қамтиды:

- 1) әдептілік қағидаты мен этикалық құндылықтарды ұстану;
- 2) Қоғам Директорлар кеңесінің Қоғам Басқармасынан тәуелсіздігі және ІБЖ дамуы мен жұмыс істеуін қадағалауды жүзеге асыру;

3) «қорғаудың үш желісін» көздейтін ұйымдық құрылымды айқындау:

бірінші қорғаныс желісі (бизнес функциялары): тәуекелдерді бағалау мен басқаруға, сондай-ақ тиімді ІБЖ қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен жұмыскерлері;

екінші қорғаныс желісі (мониторинг функциялары): тиісті деңгейде тәуекелдерді басқару жүйесінің, ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, оның жұмыс істеуін ұйымдастыруға және бақылауға жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен жұмыскерлері, заңнаманың, ішкі құжаттардың сақталуы және Қоғам жұмыскерлері тарапынан жосықсыз әрекеттер фактілерін тергеу;

үшінші қорғаныс желісі (тәуелсіз функция): Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасына бірінші және екінші қорғаныс желісі жұмысының тиімділігі туралы, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі мен ІБЖ растайтын ішкі аудит қызметі.

4) Қоғамның алға қойған мақсаттарына сәйкес құзыретті жұмыскерлерді тартуға, дамытуға және сақтап қалуға ұмтылу;


5) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізу процесінде ішкі бақылау саласындағы өз міндеттерін орындағаны үшін ІБЖ субъектілерінің жауапкершілігін бөлу.

12. Тәуекелдерді бағалау ІБЖ бойынша ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады және Қоғамның операциялық мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді сәйкестендіруді, бағалауды және талдауды қамтамасыз етуге арналған және мынадай элементтерді қамтиды:

1) тәуекелдерді анықтау және бағалау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін нақты мақсаттарды айқындау;

2) Қоғамның мақсаттарына қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді




|  |  |                        |
|--|--|------------------------|
|  KazTransOil | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b>                                |                        |
| ИМЖ құжатының атауы:   | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты</b> |                        |
| <b>Саясат</b>  |  | <b>6 беттің 5-беті</b> |

анықтау және талдау;

3) тәуекелдерді бағалау кезінде Қоғам субъектілері тарапынан жосықсыз әрекеттер үшін мүмкіндіктерді есепке алу;

4) ІБЖ-ге елеулі әсер етуі мүмкін өзгерістерді (сыртқы ортада, бизнес-модельде, басшылықта) айқындау және бағалау.

13. Бақылау процедуралары Қоғам мақсаттарының, міндеттері мен жоспарларының орындалуын тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ететін және келесі элементтерді қамтитын саясат пен процедуралар болып табылады:

1) тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлеу;

2) мақсаттарға қол жеткізу үшін ақпараттық технологияларға жалпы бақылауды әзірлеу;

3) күтілетін нәтижелер мен орындалатын рәсімдерді алу үшін саясат арқылы бақылау рәсімдерін іске асыру.

14. Қоғамның ақпараттандыру және коммуникация процестері ІБЖ субъектілерін қабылданатын шешімдерге әсер етуі мүмкін оқиғалар мен жағдайлар туралы толық және барабар ақпаратпен қамтамасыз етеді және мынадай элементтерді қамтиды:

1) ІБЖ жұмыс істеуін қолдау үшін сапалы ақпарат алу, қалыптастыру және пайдалану;

2) ішкі бақылау саласындағы оның жұмыс істеуі үшін қажетті мақсаттар мен міндеттер туралы ақпаратты қоса алғанда, ішкі ақпарат алмасу;

3) ІБЖ жұмыс істеуіне ықпал ететін мәселелер бойынша сыртқы Тараптармен ақпарат алмасу.

15. ІБЖ мониторингі рәсімдері тұрақты мониторинг нысанында да, біржолғы бағалау нысанында да не екеуінің комбинациясында жүзеге асырылуы мүмкін және мынадай элементтерді қамтиды:


1) ІБЖ барлық компоненттерінің болуына және тиімді жұмыс істеуіне ақылға қонымды сенімділік үшін ІБЖ компоненттерін үздіксіз және/немесе мерзімді бағалауды жүзеге асыру;

2) түзету шараларын, оның ішінде Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесін қабылдауға жауапты ІБЖ субъектілерінің назарына ІБЖ кемшіліктерін уақытылы бағалау және жеткізу.

## **6. САЯСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМІ**

16. ІБЖ ұйымдық құрылымы, ІБЖ субъектілері арасында жауапкершілік пен өкілеттіктерді бөлу, сондай-ақ ішкі бақылау саласындағы рәсімдер Қоғамның ІБЖ саласындағы ішкі құжаттарымен айқындалады.




|  |  |                        |
|--|--|------------------------|
|  KazTransOil | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b>                                |                        |
| ИМЖ құжатының атауы:   | <b>«ҚазТрансОйл» АҚ ішкі бақылау жүйесінің саясаты</b> |                        |
| <b>Саясат</b>  |  | <b>6 беттің 6-беті</b> |

## 7. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР\*

|     |   |
|-----|---|
| [1] | «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2012 жылғы 19 қазандағы № 8/2012 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ Жарғысы   |
| [2] | Қоғам акционерлері жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2016 жылғы 27 мамырдағы № 3/2016 хаттама) Корпоративтік басқару кодексі  |
| [3] | Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 12/2020 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ Іскерлік әдеп кодексі  |
| [4] | Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2012 жылғы 28 желтоқсандағы №17/2012 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ-та бұзушылықтардың туындау қаупін басқару саясаты                         |
| [5] | Қоғам Басқармасының шешімімен бекітілген (2021 жылғы 20 қыркүйектегі №21 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың экономикалық қауіпсіздік саясаты  |
| [6] | Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы 14 сәуірдегі №7/2022 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің мүдделер қақтығысын басқару қағидалары |

\* Саясатты пайдаланған кезде ағымдағы жылғы жағдай бойынша анықтамалық құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер анықтамалық құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда Саясатты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемеге әсер етпейтін бөлікте қолданылады.

